

"Кондоминиум объектісін басқару шартының үлгілік нысанын бекіту туралы" 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 338 және "Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 479 Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 193/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 шілдеде № 9637 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.05.2016 № 223 бұйрығымен.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-2 бабының 10-4) және 10-6) тармақшаларына сәйкес
Б Ұ Й Р А М Ы Н :

1. Мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.03.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

2) Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.03.2015 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.03.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.03.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы қ т а р ы м е н

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы департаменті (М.С. Байсүгірова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен ресми бұқаралық ақпарат

құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны бірінші рет ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Жәмішев*
Өңірлік даму министрінің
2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 193 / н қ бұйрығына
қосымша
Кондоминиум объектісін басқарудың
үлгі шартына қосымша

Кондоминиум объектісін басқару жөніндегі жұмыстардың тізбесі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.03.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.